

### Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Елеусинова Милана Аминовна
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Оңғалбайұлы көшесі,3.  
Байланыс телефоны: 8702 903 91 68
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): «InBilim» жобасы, Аймақтағы арнайы білім беру ұйымдарындағы кадрлардың біліктілігін арттыру
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 29 қыркүйек – 28 қараша, 2025 жыл
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 11 000 000 (он бір миллион) теңге

#### 1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

*Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.*

##### **1-міндет. Дайындық кезеңін жүзеге асыру**

##### ***1 іс-шара.Жобалық топтың жұмысын ұйымдастыру, жұмыс бөлінісін қамтамасыз ету***

Іс-шара аясында жобаны іске асыру үшін жұмыс тобы құрылып, оның құрамы бекітілді, әрбір қызметкердің функционалдық міндеттері айқындалды. Жобаның ақпараттық сүйемелдеуін қамтамасыз ету мақсатында медиаплан (контент жоспар) әзірленді.Жоба серіктестерімен ынтымақтастықты нығайту үшін меморандум жобасы дайындалып, келісу жұмыстары жүргізілді. 3 қызметкерден тұратын жоба командасы жасақталып, жоба кеңсесі құрылды. Жоба жетекшісі - Елеусинова Милана Аминовна, жоба бухгалтері – Қыдырбаев Нұрболат Жетыбайұлы, қоғаммен байланыс жөніндегі маман - Дүйсенов Еділбек Медетұлы. Маңғыстау облысы «Білім басқармасының білім берудің Оқу-Әдістемелік орталығы» директоры К.Мировамен меморандум жасалды. Сонымен қатар жобаны іске асыру барысында пайдалануға арналған полиграфиялық өнімдердің эскиздері әзірленді, оның ішінде әдістемелік құрал, бағдарлама, баннер және үлестірме материалдар қамтылды.

Әлеуметтік желідегі ресми парақшасында мектептермен, қоғам белсенділерімен және әлеуметтік желі қолданушыларымен кері байланыс орнату бойынша ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Жобаның мақсаты мен міндеттері туралы жарияланымдар орналастырылып, пікірлер мен ұсыныстар жинақталды.

## **2-міндет.Жобаны іске асыру**

### ***1 іс-шара.Жобаның ашылуын хабардар ету туралы БАҚ өкілдеріне брифинг өткізу***

2025 жылғы 13 қазан күні Маңғыстау облысының қоғамдық коммуникациялар орталығында «Маңғыстау облысының білім беру саласындағы әлеуметтік жобалар» тақырыбында брифинг өтті. «Қолдау» орталығы» ЖММ директоры Милана Елеусинова «InBilim және Демеу+» әлеуметтік жобалары туралы және Маңғыстау облысы білім басқармасы тәрбие беру, инклюзивті, арнайы білім және балалардың құқықтарын қорғау бөлімінің басшысы Шынар Байдуллаева «Маңғыстау облысының білім басқармасы мен «Қолдау» орталығы» ЖММ-мен бірлесе отырып жүзеге асырған әлеуметтік жобалары және алдағы жоспарлар туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, брифингке «Маңғыстау» облыстық қоғамдық-саяси газетінің редакторы Анаргүл Жексенбайқызы, «Маңғыстау медиа» сайтының редакторы Мадина Керімқұл, «Қолдау» орталығы ЖММ қоғаммен байланыс жөніндегі маманы Еділбек Дүйсен қатысты.

**2 іс-шара. Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру, ПШО АОО «НЗМ» тарту арқылы, Маңғыстау облысының білім басқармасының қатысуымен мамандық біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасының бекітілуі, «ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру» оқыту өткізу; «Ұстаз» платоформасына жарамды «Қазақстандық қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығының» оқыту өткізу. Аттестациядан өтуге жарамды және «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттарды беру.**

27.10.2025 – 05.11.2025 аралығында Zoom платформасында Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында 80 сағаттық курс өтті. ПШО АОО «НЗМ» тарту арқылы Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кәсіби біліктілігі артқан маман саны: 150 адам.

1 модуль. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚК) нормативтік және ұйымдастырушылық негіздері – 9 сағат;

2 модуль. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – 9 сағат;

3 модуль. Білім беру процесіне қатысушыларға кеңес беру арқылы қолдау – 16 сағат;

4 модуль. Жеке дамыту және түзету жұмысын жобалау – 16 сағат;

5 модуль. Психологиялық-педагогикалық ағарту және ата-аналар мен педагогтермен өзара әрекеттесу – 15 сағат;

6 модуль. ППҚК-ның ұйымдастырушылық-әдістемелік және талдамалық қызметі – 15 сағат.

Тартылған маман: педагог-эксперт Алимбек Зереш Рашидқызы. Қатысушыларға аттестациядан өтуге жарамды және «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар табысталды.

### ***3 іс-шара. Оқудан кейін (дағдыларды нығайту үшін 1-2 ай ішінде) онлайн-консультациялар мен супервизиялар өткізу***

«InBilim» жобасы аясында Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өткен оқыту курсынан кейін дағдыларды нығайту мақсатындағы 05.11.2025 – 28.11.2025 аралығында Zoom платформасында, онлайн, WhatsApp чатта супервизиялар өтті. Тартылған маман: педагог-эксперт Алимбек Зереш Рашидқызы. Супервизияға қатысқандар саны: 150 маман. Қатысушылардың қанағаттану деңгейі – кемінде 70%.

### ***4 іс-шара. «Мен инклюзивті қоғам құруға үлес қосамын...» атты іс-тәжірибе көрме алаңын өткізу***

Маңғыстау облысы білім басқармасы тапырысымен, «Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының» қолдауымен, «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі «InBilim» жобасы аясында «Мен инклюзивті қоғам құруға үлес қосамын» көрме байқауын қорытындылап, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімін өткізді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізеті арнайы мамандар арасында өткен байқаудың мақсаты – өңірдегі арнайы білім беру ұйымдарының педагог мамандарының инклюзивті білім беруді енгізудің үздік тәжірибелерін таныстыру. Сонымен қатар, арнайы білім беру ұйымындағы педагог мамандардың мәртебесін көтеру, арнайы білім беру ұйымдарындағы педагог мамандардың нәтижелі жұмысын таныта отыра, олардың тәжірибесін тарату, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдай отырып, олардың шығармашылық дарынын таныту және арнайы білім беру ұйымдарының педагог маманы мен білім алушы арасындағы байланысты нығайту.

Байқауға Маңғыстау облысының түкіпр-түкпірінен мамандар қатысты. Нәтижесінде байқауға 100 өтінім түсіп, оның 20-сы іріктеуден өтіп, шарттар бойынша таңдалып алынды. Арнайы қазылар алқасының шешімімен 3 жұмыс жеңімпаз деп танылып, оларға қаржылай сыйақы мен дипломдар табысталды.

Байқау нәтижесінде:

1 орын (150 000 теңге) – «№6 арнайы балабақша» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дефектологы Байзақова Қарлығаш Бауржанқызы. «Киіз үйдің құпиялары» тақырыбындағы жұмысы үшін.

2 орын (120 000 теңге) – «Ақтау психологиялық –педагогикалық түзеу кабинеті» КММ Нахмәдениет Зағипа Махамбетқызы «Мамандықтар» дидактикалық дамытушы құралы үшін.

3 орын (90 000 теңге) – Боярская Наталия Влентиновна «№1 арнайы балабақша» әдістемелік құралы үшін. Көрме барысында іріктеуден өткен 20 маманның жұмыстары тұрғындар назарына ұсынылды. Әр арнайы маман осы салаға өзі әкелген, ұсынған жаңалығын, нәтиже көрсеткен іс-тәжірибесімен бөлісті.

### ***5 іс-шара. Білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандар үшін оқу әдістемелік құралдарды, бейнежазба (бейнеролик) дайындап, тарату***

Іс-шара аясында оқу-әдістемелік құрал дайындалып, тапсырыс беруші және Оператор тарапынан келісілді. Әдістемелік құралда арнайы мамандарға арналған практикалық ұсынымдар, жұмыс алгоритмдері және қолданбалы әдістер қамтылды. Сонымен қатар бейнежазба

(бейнеролик) дайындау үшін сценарий әзірленіп, мазмұны тапсырыс берушімен келісілгеннен кейін бейнематериал түсірілді. Бейнеролик арнайы мамандардың жұмысында пайдалануға арналған ақпараттық-түсіндіру сипатында дайындалды.

Іс-шара шеңберінде әзірленген материалдар туралы ақпарат жеке меншік мекеменің әлеуметтік желідегі ресми парақшасында жарияланды. Жарияланымдар арқылы кең аудиторияға ақпарат жеткізіліп, кері байланыс жиналды.

### ***6 іс-шара. «Оқушымен жеткен нәтиже» атты ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізетін мамандар арасында атты бейнероликтер байқауын өткізу***

Маңғыстау облысының білім басқармасының тапсырысымен, «Қолдау» орталығы жекеменшік мекемесінің ұйымдастыруымен «InBilim» жобасы аясында «Оқушымен жеткен жетістігім» атты жалпы және арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтер арасындағы бейнероликтер байқауы қорытындыланды. Байқаудың мақсаты: ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың қоғамға бейімделуін арнайы педагогтердің нәтижелі жұмысы арқылы арттыру жәе өңірдегі арнайы педагогтердің инклюзивті білім беруді енгізудегі үздік тәжірибелерін таныстыру. Байқау 2025 жылдың қазан айының 22-і мен қараша айының 15-і аралығын қоса алғанда желіде арнайы хэштегтермен жарияланды. Барлығы 9 адам қатысты. Үздік деп танылған жұмыстардың авторлары Маңғыстау облысы білім басқармасының Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы мен «Қолдау» орталығының арнайы I орын (біреу), II орын (біреу), III орын (біреу) дипломдарымен және сыйлықтарымен марапатталды. Байқау нәтижесінде 1 орынды «Жаңаөзен арнайы мектебі» КММ Ахметова Гүлдана Русланқызына, 10 –сынып оқушысы Полатбай Елсұлтан Полатбайұлына берілді. 2 орынды Түпқараған психологиялық –педагогикалық түзеу кабинеті, музыкалық терапия жетекшісі Избенова Айгуль Шаулековна мен оқушысы Райымбекұлы Ахмад иеленсе, 3 орын Боранқұл ППТК педагог-психологы Машырықова Аида Берікқызы мен оқушысы Масен Еркебұланға бұйырды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен түзете-дамыту жұмыстарында қолданылатын бокстар сыйға берілді.

### ***7 іс-шара. Жоба аясында оқудан өткен мамандарға арналған өңірдегі ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізетін арнайы мамандармен білім басқармасы, т.б. ұйым, мекемелер қатысуымен қорытынды кездесуді (конференция) ұйымдастыру және өткізу***

21 қараша күні Қ.Сыдықов атындағы облыстық кітапхананың конференц-залында «InBilim» жобасы аясында «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау» тақырыбында қорытынды конференция өтті.

Конференцияға қатысушылар: жоба жетекшісі Елеусинова Милана, Маңғыстау облыстық білім басқармасының басшысы Шынар Байдуллаева, «Алғыс Ақтау» орталығының негізін қалаушы Ардақ Бақтығалиқызы, «Ана махаббаты» ҚҚ Мұнайлы аудандық филиалының жетекшісі Фариза Аспанбетова. Конференция қонағы - дефектолог-логопед маманы, Астана қаласы бойынша «LOGOPED» сөйлеуді дамыту орталықтар желісінің басшысы, ҚР дефектологтар және логопедтер ассоциациясының төрайымы, «Балам сөйлесін десеңіз», «Ерекше балаларды әлеуметтендіру», «Сөйлеуді дамыту» кітаптарының авторы, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ПСИХОМОТОРЛЫ қабілеттерін дамыту» методикасының авторы Нурахметова Шолпан Аянғалиевна. Қатысушылар саны: 75.

**3-міндет. Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу**

***1 іс-шара. Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру***

Бұл іс-шара аясында Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру қамтамасыз етілді. Оқыту ПШО АОО «НЗМ» тарту арқылы және Маңғыстау облысының білім басқармасының қатысуымен жүзеге асырылды. Мамандық біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасы бекітіліп, «ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру» тақырыбында оқыту өткізілді.

Сонымен қатар «Қазақстандық қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталығының» «Ұстаз» платформасына сәйкес курстары ұйымдастырылды. Қорытындысы бойынша қатысушыларға аттестациядан өтуге жарамды және «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар табысталды.

***2 іс-шара. Мамандық біліктілігін арттырғанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне сенімділігін арттырған мамандардың үлесі 70%-дан кем емес (сауалнама нәтижелері бойынша)***

Мамандық біліктілігін арттырғанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне сенімділігін арттырған мамандардың үлесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға жоба аясында өткізілген оқыту іс-шараларына қатысқан мамандар қатысты. Мамандық біліктілігін арттырған және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне деген кәсіби сенімділігі артқан мамандардың үлесі сауалнама нәтижелері бойынша 70%-дан кем болмады.

**Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

***1 іс-шара. Жобаның қорытындысын жария ету және қол жеткізген нәтижелер туралы баяндау үшін жобаның қорытынды кезеңінде де баспасөз брифингін өткізу, брифингте жергілікті БАҚ өкілдерін қамту***

27 қараша күні Маңғыстау облысының әмбебап кітпханасында жобаның қорытынды брифингі өтті. Брифингке қатысушылар: «Қолдау» орталығы» ЖММ директоры Милана Елеусинова, «Маңғыстау» облыстық қоғамдық-саяси газетінің редакторы Анаргүл Жексенбайқызы, «Маңғыстау медиа» сайтының редакторы Мадина Керімқұл, «Қолдау» орталығы ЖММ қоғаммен байланыс жөніндегі маманы Еділбек Дүйсен, «Маңғыстау» облыстық қоғамдық-саяси газетінің тілшісі Ислам Шілдебаев және т.б. БАҚ өкілдері қатысты.

**Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**

***1 іс-шара. Серіктестермен, өзге де медиа порталдармен, ақпарат агенттіктерімен ақпараттық қолдау мақсатындағы келіссөздер жүргізу***

Жобаның орындалу барысын кеңінен ақпараттандыру және қоғамға ашық жеткізу мақсатында серіктес ұйымдармен, өңірлік және республикалық медиа порталдармен, сондай-ақ ақпарат агенттіктерімен жүйелі түрде келіссөздер жүргізілді. Келіссөздер барысында жобаның

мақсаттары мен міндеттері, негізгі іс-шаралары, күтілетін нәтижелері және ақпараттық сүйемелдеу форматтары талқыланды. Нәтижесінде жобаны іске асыру кезеңдерінде ақпараттық қолдау көрсету, іс-шаралар туралы материалдарды жариялау, әлеуметтік желілерде тарату және БАҚ арқылы насихаттау жөнінде ортақ келісімдерге қол жеткізілді. Бұл жұмыс жобаның көрінуін арттырып, мақсатты аудиторияның қамтылуын кеңейтуге мүмкіндік берді.

## **2 іс-шара. Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы жарияланымдар**

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысы туралы ақпараттық жарияланымдар жоспарға сәйкес дайындалып, әлеуметтік желілерде және серіктес медиа ресурстарда орналастырылды. Жарияланымдарда жобаның басталуы, негізгі кезеңдері, өткізілген іс-шаралар, қол жеткізілген нәтижелер және қатысушылардың пікірлері қамтылды. Ақпараттық материалдар мәтіндік жазбалар, фотосуреттер, бейнематериалдар және қысқаша анонстар форматында ұсынылып, кең аудиторияға бағытталды. Осылайша, жоба туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етіліп, қоғамның әлеуметтік жобаға деген қызығушылығы мен хабардарлық деңгейі артты.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

<b>Жобаның мақсаты:</b>		«InBilim» жобасының мақсаты – ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың қоғамға бейімделуін арттыру, олардың білімалудағы шығармашылық әлеуетін пайдалану және дамыту, әлеуметтік бейімдей отыра, қоғамдық өмірге дайындау, кәсіби бағдар беру; ЕБҚ оқушыламен жұмыс жүргізетін арнайы мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ету; жағдай жасау. Өңірдегі арнайы педагогтеріне еліміздегі инклюзивті білім беруді енгізудің үздік тәжірибелерін таныстыру.							
<b>Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:</b>		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты.</li> <li>• Сауалнама нәтижелері бойынша мамандық біліктілігін арттырғанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне сенімділігін арттырған мамандардың үлесі 70%-дан жоғары болды.</li> <li>• Жоба аясында оқудан өткен мамандарға арналған қорытынды кездесуді ұйымдастырылды.</li> <li>• Аттестациядан өтуге жарамды және «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар берілді.</li> <li>• Оқудан кейін (дағдыларды нығайту үшін 1-2 ай ішінде) онлайнконсультациялар мен супервизиялар өткізілді.</li> <li>• Білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандар үшін оқу әдістемелік құралдар, бейнежазба (бейнеролик) дайындалып, таратылды.</li> </ul>							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	

1 міндет. Дайындық кезеңін жүзеге асыру	Жобалық топтың жұмысын ұйымдастыру, жұмыс бөлінісін қамтамасыз ету	1-5 қазан, 2025 жыл	Ақтау қаласы, Қ.Сыдықов атындағы облыстық әмбебап кітапханасы	3	Аталған іс-шара аясында Ақтау қаласында жобалық топ құрылып, оның құрамына 3 қызметкер (жоба жетекшісі, жоба есепшісі, жобаның жұртышылықпен байланыс жөніндегі маманы) кірді. Алдымен, жобаның әлеуметтік желіге және БАҚ-қар арналған медиапланы (контент жоспары) жасақталды. Соған сай бұқаралық ақпарат құралдарындағы және ҮЕҰ-дағы серіктестермен меморандумға отыру жұмыстары жүйеленді. Бұған қоса, жоба	Жұмыс тобының тізімі  Медиаплан (контент жоспар)  Жоба серіктестеріне арналған меморандум жобасы  Полиграфиялық өнімнің эскиздері (әдістемелік құрал, бағдарлама, баннер, үлестірме материалдар т.б.)  Жеке меншік мекеменің әлеуметтік желідегі парақшасында мектептермен және өзге де қоғам	1  1  Кемінде 1  Кемінде 1  1	1  1  1  4  1	Жобаны іске асырудың тұрақты ұйымдастырушылық және басқару тетігі қалыптасады. Серіктестік желі кеңейіп, білім беру ұйымдарымен жүйелі ынтымақтастық қамтамасыз етіледі. Ақпараттық және әдістемелік материалдарды тұрақты пайдалану арқылы жобаның сапасы мен тиімділігі артады. Қоғаммен және білім беру ұйымдарымен тұрақты кері байланыс орнап, жобаны әрі қарай дамыту және масштабтау мүмкіндігі күшейеді.
--	--	---------------------	---	---	---	---	---	---------------------------------------	--

					аясында жарық көретін полиграфиялық өнімдер дайындалып, жеке меншік мекеменің әлеуметтік желідегі парақшасында мектептермен және өзге де қоғам белсенділерімен, әлеуметтік желі қолданушылары мен кері байланыс бойынша ақпараттық жұмыстар жасалды.	белсенділерімен, әлеуметтік желі қолданушыларым ен кері байланыс бойынша ақпараттық жұмыстар жасақталу есебі  Кемінде үш бенефициардың пікірлері мен кері байланысы	1	1	
2 міндет. Жобаны іске асыру	Жобаның ашылуын хабардар ету туралы БАҚ өкілдеріне брифинг өткізу	13 қазан 2025 жыл	Маңғыстау облысының қоғамдық коммуникациялар орталығы	8	Аталған іс-шара бойынша брифинг ұйымдастырылды. Брифингке 8 адам қатысты. 2 адам баяндама жасады. Баяндама жасаушылардың тақырыптары растаушы құжаттар ретінде	Бағдарлама  Қатысушылар тізімі (БАҚ: жергілікті телеарналар мен интернет сайттарды, мерзімді баспасөз өкілдерін қоса)	1  1	1  1	Маңғыстау облысындағы білім беру саласындағы әлеуметтік жобалардың қоғамдық көрнекілігі мен ақпараттық қолжетімділігі артады. Жобалар туралы ұйымдар мен БАҚ арасындағы

					берілді. Баяндама мәтіндері пресс-релизде, БАҚ беттерінде жарияланды.	Фото және видео  Әлеуметтік желіде және БАҚ-та жарияланым  Кемінде үш БАҚ өкілдерінің пікірлері мен кері байланысы	3/1  Кемінде 2  1	3/1  6/1  1	тұрақты ынтымақтастық қалыптасады, қоғам мен билік өкілдерінің қатысуы күшейеді. Қоғамдық брифингтер арқылы қоғамдық сенім мен қызығушылық артып, әлеуметтік жобаларды қолдау деңгейі жоғарлайды. Жобаларды болашақта масштабтау және басқа мектептер мен өңірлерде енгізу мүмкіндігі кеңейеді.
	Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру, ПШО АОО	27.10.2025 - 05.11.2025	ZOOM платформасы	150	ZOOM платформасы арқылы Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби	Бағдарлама (Тапсырыс берушінің қатысуымен бекітілген)  ПШО АОО «НЗМ» тарту арқылы Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында	1  Кемінде 150 маман	1  150	Арнайы білім беру ұйымдарындағы мамандардың кәсіби біліктілігі мен педагогикалық дағдылары артады. Қатысушылар алған білімдерін көрсеткіштерін жақсарту және тиімді әдістемелерді

	<p>«НЗМ» тарту арқылы; Маңғыстау облысының білім басқармасының қатысуымен мамандық біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар бағдарламасының бекітілуі, «ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізуді ұйымдастыру» оқыту өткізу; «Ұстаз» платоформасына жарамды «Қазақстандық қайта даярлау және</p>				<p>біліктілігін арттыру мақсатында 80 сағаттық оқыту өтті. Оқыту шарасы 27 қазан-5 қараша аралығын қамтыды. Курс соңында аттестациядан өтуге жарамды және «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттарды берілді.</p>	<p>жұмыс істейтін кәсіби біліктілігі артқан маман саны</p> <p>Тізім (логопед, дефектолог, психолог, әлеуметтік педагог, ассистент қоса көрсетілген)</p> <p>Тартылған маман түйіндемесі</p> <p>Тартылған маман материалы</p> <p>Фото және видео</p> <p>Әлеуметтік желідегі жарияланым</p> <p>Пре-пост тест</p>	<p>1</p> <p>Кемінде 1</p> <p>Кемінде 1</p> <p>Әр іс-шарадан кемінде 3 фото, 1 видео</p> <p>Әр оқытуда кемінде 1</p> <p>Әр оқытуда н</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>Әр шарадан 3/1</p> <p>1</p> <p>1</p>	<p>енгізу үшін қолдана алады. Сертификатталған мамандар арқылы инклюзивті және арнайы білім беру сапасы тұрақты түрде жақсарады. Оқыту тәжірибесі болашақта кәсіби дамыту бағдарламаларын кеңейту және масштабтау негізі ретінде қызмет етеді.</p>
--	--	--	--	--	---	---	---	--	--

	біліктілікті арттыру орталығының» оқыту өткізу. Аттестациядан өтуге жарамды және «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттарды беру						кемінде 3% толтырылған пре-пост тест қағаз түрінде/ 1 онлайн препост тест жүктемесі		
						Пре-пост тест анализі	Әр оқытуда 1	Әр оқытуда 1	
						Сертификат	1 фото	1 фото	
						Сертификаттарды табыстау актісі	1	1	
						Кемінде үш бенефициардың пікірлері мен кері байланысы	1	1	
	Оқудан кейін (дағдыларды нығайту	онлайн, 5-28 қараша,	ZOOM платформасы	150	«InBilim» жобасы аясында Маңғыстау облысының	Бағдарлама (Тапсырыс берушімен келісілген)	1	1	Мамандық біліктілікті арттырудан өткен мамандардың

	үшін 1-2 ай ішінде) онлайн-консультациялар мен супервизиялар өткізу	2025 жыл			арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында өткен оқыту курсынан кейін дағдыларды нығайту мақсатындағы супервизиялар өтті.	<p>Маман түйіндемесі</p> <p>Маман материалы</p> <p>Онлайн-консультация, супервизиялар журналы</p> <p>Онлайн-консультация, супервизиялар талдау қоса көрсетілген есебі</p> <p>Сауалнама</p> <p>Қанағаттану деңгейі</p>	<p>Кемінде 1</p> <p>Кемінде 1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>Кемінде 3% толтырылған сауалнама қағаз түрінде/ 1 онлайн сауалнама жүктемесі</p> <p>Кемінде 70%</p>	<p>Кемінде 1</p> <p>Кемінде 1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>Кемінде 3% толтырылған сауалнама қағаз түрінде /1 онлайн сауалнама жүктемесі</p> <p>Кемінде 70%</p>	<p>дағдылары мен кәсіби шеберлігі тұрақты түрде жетілдіріледі. Супервизиялар арқылы оқыту материалдарын практикада тиімді қолдану қамтамасыз етіледі. Арнайы білім беру ұйымдарында қызмет көрсету сапасы мен оқыту тиімділігі артады. Болашақта мамандардың кәсіби дамуы мен жобаны масштабтау үшін негіз қалыптасады.</p>
--	---	----------	--	--	---	---	--	--	---

						Сауалнама анализі	1	1	
						Фото және видео	Кемінде 5 фото, 1 видео	Кемінд е 5 фото, 1 видео	
						Әлеуметтік желідегі жарияланым	Кемінде 2	Кемінд е 2	
						Кемінде үш бенефициардың пікірлері мен кері байланысы	1	1	
	«Мен инклюзивті қоғам құруға үлес қосамын...» атты іс- тәжірибе көрме алаңын өткізу	22 қараша, 2025 жыл	Ақтау қаласы	100	Маңғыстау облысы білім басқармасы тапырысымен, «Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының» қолдауымен, «Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесі «InBilim» жобасы аясында «Мен инклюзивті қоғам құруға үлес қосамын» көрме байқауын қорытындылап,	Бағдарлама  Ереже  Хаттама  Қатысушылар саны  Тізім  Көрмеге ұсынылған жұмыстар жайлы ақпарат  Фото және видео	1  1  1  100  1  1  1  Кемінде 3 фото, 1 видео	1  1  1  100  1  1  1  3/1	Арнайы білім беру саласындағы инклюзивті тәжірибелерді тарату және үздік әдістемелерді кеңінен қолдану қамтамасыз етіледі. Педагог мамандардың мәртебесі мен кәсіби мотивациясы артады, олардың жетістіктері қоғамға таныстырылады. Ерекше білім беруді қажет ететін

				<p>жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімін өткізді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізеті арнайы мамандар арасында өткен байқаудың мақсаты – өңірдегі арнайы білім беру ұйымдарының педагог мамандарының инклюзивті білім беруді енгізудің үздік тәжірибелерін таныстыру. Сонымен қатар, арнайы білім беру ұйымындағы педагог мамандардың мәртебесін көтеру, арнайы білім беру ұйымдарындағы педагог</p>	<p>Әлеуметтік желідегі жарияланым</p> <p>Кемінде үш бенефициардың пікірлері мен кері байланысы</p>	<p>Кемінде 1</p> <p>1</p>	<p>Кемінде 1</p> <p>1</p>	<p>балалардың шығармашылық қабілеттері дамып, қолдау көрсетіледі. Арнайы білім беру ұйымдары мен педагог мамандар арасындағы ықпалдастық пен тәжірибе алмасу тұрақты түрде қалыптасады. Болашақта ұқсас байқаулар мен көрмелер арқылы жобаны масштабтау және кәсіби қауымдастықты нығайту мүмкіндігі артады.</p>
--	--	--	--	--	--	---------------------------	---------------------------	--

					<p>мамандардың нәтижелі жұмысын таныта отыра, олардың тәжірибесін тарату, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдай отырып, олардың шығармашылық дарынын таныту және арнайы білім беру ұйымдарының педагог маманы мен білім алушы арасындағы байланысты нығайту. Байқауға Маңғыстау облысының түкір-түкірінен мамандар қатысты. Нәтижесінде байқауға 100 өтінім түсіп, оның 20-сы іріктеуден өтіп, шарттар бойынша таңдалып</p>				
--	--	--	--	--	---	--	--	--	--

					<p>алынды. Арнайы қазылар алқасының шешімімен 3 жұмыс жеңімпаз деп танылып, оларға қаржылай сыйақы мен дипломдар табысталды. Байқау нәтижесінде: 1 орын (150 000 теңге) – «№6 арнайы балабақша»комм уналдық мемлекеттік мекемесінің дефектологы Байзақова Қарлығаш Бауржанқызы. «Киіз үйдің құпиялары» тақырыбындағы жұмысы үшін. 2 орын (120 000 теңге) – «Ақтау психологиялық – педагогикалық түзеу кабинеті» КММ Нахмәдениет Зағипа</p>				
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

					<p>Махамбетқызы «Мамандықтар» дидактикалық дамытушы құралы үшін. 3 орын (90 000 теңге) – Боярская Наталия Влентиновна «№1 арнайы балабақша» әдістемелік құралы үшін. Көрме барысында іріктеуден өткен 20 маманның жұмыстары тұрғындар назарына ұсынылды. Әр арнайы маман осы салаға өзі әкелген, ұсынған жаңалығын, нәтиже көрсеткен іс-тәжірибесімен бөлісті.</p>				
	Білім беру ұйымдарында ағы арнайы мамандар үшін оқу	26 қараша, 2025 жыл	Маңғыстау облысы	75	Білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандар үшін оқу	Әдістемелік құрал (Тапсырыс берушімен және Оператормен келісілген)	1	1	Арнайы білім беру мамандары үшін қолдануға ыңғайлы оқу-әдістемелік құралдар мен

	әдістемелік құралдарды, бейнежазба (бейнеролик) дайындап, тарату				әдістемелік құралдарды, бейнежазба (бейнеролик) дайындап, таратылды.	Бейнежазба (бейнеролик) сценарийі Бейнежазба (бейнеролик) Әдістемелік құрал мен бейнежазба (бейнеролик) тарату жайлы фото қосылған есеп Әлеуметтік желіде жарияланым Жоба командасына кірмейтін сыртқы сарапшының пікірі/қорытындысы	1 Кемінде 1 Кемінде 1 Кемінде 1 1	1 1 Кемінде 1 Кемінде 1 1	бейнероликтер тұрақты қолжетімді болады. Оқу материалдарын пайдалану арқылы мамандық дағдылары мен кәсіби шеберлік артады. Жеткізілген ресурстар арқылы инклюзивті білім беру тәжірибесін жүйелі түрде енгізу және кеңейту мүмкіндігі күшейеді.
	«Оқушымын жеткен нәтиже» атты ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізетін мамандар	22.10.2025-15.11.2025	Онлайн	9 адам	Маңғыстау облысының білім басқармасының тапсырысымен, «Қолдау» орталығы жекеменшік мекемесінің	Ереже Хаттама Әлеуметтік желіде байқау жайлы анонс	1 1 1	1 1 1	Ерекше білім беруге қажетті білім алушылардың қоғамға бейімделуі арнайы педагогтердің нәтижелі тәжірибесін

арасында атты бейнероликтер байқауын өткізу					<p>ұйымдастыруым ен «InBilim» жобасы аясында «Оқушыммен жеткен жетістігім» атты жалпы және арнайы білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтер арасындағы бейнероликтер байқауы қорытындыланды.</p> <p>Байқаудың мақсаты: ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың қоғамға бейімделуін арнайы педагогтердің нәтижелі жұмысы арқылы арттыру және өңірдегі арнайы педагогтердің инклюзивті білім беруді енгізудегі үздік</p>	<p>Қатысушылар тізімі</p> <p>Байқау бейнероликтері</p> <p>Байқау бейнероликтерін әлеуметтік желіде жариялау</p> <p>Сыйлық табыстау актісі</p> <p>Кемінде үш бенефициардың пікірлері мен кері байланысы</p>	<p>1</p> <p>Бейнеролик санына байланысты</p> <p>Бейнеролик санына байланысты</p> <p>1</p> <p>1</p>	<p>1</p> <p>9</p> <p>9</p> <p>1</p> <p>1</p>	<p>пайдалану арқылы жақсарады.</p> <p>Арнайы педагогтердің инклюзивті білім беруді енгізудегі үздік тәжірибелері таралып, педагогикалық стандарттар мен әдістемелердің сапасы артады.</p> <p>Байқау арқылы педагогтер мен оқушылар арасындағы өзара ынтымақтастық пен мотивация күшейеді.</p> <p>Болашақта ұқсас конкурстар мен бейнероликтер байқауларын ұйымдастыру арқылы тәжірибе алмасу және жобаны масштабтау мүмкіндігі артады.</p>
---	--	--	--	--	---	--	--	--	--

					<p>тәжірибелерін таныстыру. Байқау 2025 жылдың қазан айының 22-і мен қараша айының 15-і аралығын қоса алғанда желіде арнайы хэштегтермен жарияланды. Үздік деп танылған жұмыстардың авторлары Маңғыстау облысы білім басқармасының Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы мен «Қолдау» орталығының арнайы I орын (біреу), II орын (біреу), III орын (біреу) дипломдарымен және сыйлықтарымен марапатталды. Байқау нәтижесінде 1 орынды «Жаңаөзен</p>				
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

					арнайы мектебі» КММ Ахметова Гүлдана Русланқызына, 10 –сынып оқушысы Полатбай Елсұлтан Полатбайұлына берілді. 2 орынды Түпқараған психологиялық – педагогикалық түзеу кабинеті, музыкалық терапия жетекшісі Избенова Айгуль Шаулекеновна мен оқушысы Райымбекұлы Ахмад иеленсе, 3 орын Боранқұл ППТК педагог- психологы Машырықова Аида Берікқызы мен оқушысы Масен Еркебұланға бұйырды. Жеңімпаздар мен				
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

					жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен түзете-дамыту жұмыстарында қолданылатын бокстар сыйға берілді.				
	Жоба аясында оқудан өткен мамандарға арналған өңірдегі ЕБҚ балалармен жұмыс жүргізетін арнайы мамандармен білім басқармасы, т.б. ұйым, мекемелер қатысуымен қорытынды кездесуді (конференция) ұйымдастыру және өткізу	22 қараша, 2025 жыл	Ақтау қаласы	75	“InBilim” жобасы аясында “Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау” тақырыбында қорытынды конференция өтті. Конференция қонағы - дефектолог-логопед маманы, Астана қаласы бойынша «LOGOPED» сөйлеуді дамыту орталықтар желісінің басшысы, ҚР дефектологтар және логопедтер ассоциациясыны	Бағдарлама Қатысушылар саны Қатысушылар тізімі Семинар –тренинг Фото және видео Zoom бейне конференциясы арқылы ата-аналармен жұмыс жүргізетін ұйым өкілдерімен диалог алаңы Хаттама Әлеуметтік желіде анонс	1 Кемінде 70 1 1 Кемінде 3 фото және 1 видео 1 1 1 Кемінде 1	1 75 1 1 3/1 1 1 1 1	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау сапасы жақсарады. Арнайы педагогтердің кәсіби шеберлігі артады. Конференция материалы мен тәжірибесі инклюзивті білім беру практикасында тұрақты қолданылады. Осындай іс-шаралар арқылы педагогикалық қауымдастықтың тәжірибе алмасуы және жобаларды масштабтау мүмкіндігі артады.

					ң төрайымы, «Балам сөйлесін десеңіз», «Ерекше балаларды элеуметтендіру», «Сөйлеуді дамыту» кітаптарының авторы, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ПСИХОМОТОР ЛЫ қабілеттерін дамыту» методикасының авторы Нурахметова Шолпан Аянғалиевна.	Әлеуметтік желіде жарияланым  Конференция қорытындысы бойынша ұсынымдар тізімі  Кемінде үш бенефициардың пікірлері мен кері байланысы	Кемінде 1  1  1	1  1  1	
3 міндет. Нысанал ы көрсеткіш терге қол жеткізу	Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарынд а жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттыру	27.10.20 25 - 05.11.20 25	ZOOM платформас ы	150	Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігін арттырылды.	Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кәсіби біліктілігі артқан маман саны	кемінде 150	150	Арнайы білім беру ұйымдарындағы мамандардың кәсіби біліктілігі тұрақты түрде артады. Мамандық дағдылары мен ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу қабілеті күшейеді.

									Мамандардың сенімділігі артқан сайын инклюзивті білім беру сапасы жақсарады. Болашақта алынған тәжірибе арқылы оқыту бағдарламаларын дамыту және масштабтау мүмкіндігі артады.
	Мамандық біліктілігін арттырғанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне сенімділігін арттырған мамандардың үлесі 70%-дан кем емес (сауалнама нәтижелері бойынша)	Қыркүйе к-қараша	Онлайн	150	Мамандық біліктілігін арттырғанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне сенімділігін арттырған мамандардың үлесі 70%-дан кем емес болды.	Сауалнама (Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін)	Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін кемінде 3% толтырылған сауалнама қағаз түрінде/ 1 онлайн сауалнама	1	Мамандардың кәсіби біліктілігі тұрақты түрде артады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу қабілеті мен сенімділігі күшейеді. Инклюзивті білім беру сапасы жақсарады. Болашақта тәжірибені пайдаланып оқыту бағдарламаларын дамыту және масштабтау мүмкіндігі артады.

						жүктеме сі		
					Сауалнама анализі	Жобаны ң белсенді кезеңі аяқталға нға дейін және аяқталға ннан кейін 1	1	
					Мамандық біліктілігін арттырғанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне сенімділігін арттырған мамандардың үлесі (сауалнама нәтижелері бойынша)	Кемінде 70%	Кемінд е 70%	
					Әр деңгейдегі мақсатты топты қанағаттандыру мақсатында	1	1	

						ісшаралардан кейінгі пікірлер жинау арқылы жобаны жүзеге асыру кезіндегі кері байланыс есебі			
Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы	Жобаның қорытындысын жария ету және қол жеткізген нәтижелер туралы баяндау үшін жобаның қорытынды кезеңінде де баспасөз брифингін өткізу, брифингте жергілікті БАҚ өкілдерін қамту	27 қараша, 2025 жыл	Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы	7	Жобаның қорытындысын жария ету және қол жеткізген нәтижелер туралы баяндау үшін жобаның қорытынды кезеңінде де баспасөз брифингін өткізілді, брифингте жергілікті БАҚ өкілдері қамтылды.	Бағдарлама  Қатысушылар тізімі (БАҚ өкілдерімен қоса)  Фото және видео  Әлеуметтік желідегі жарияланым  Жобаны одан әрі іске асыру және масштабтау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу үшін индикаторларды өлшеу, сондай-ақ жобаны одан әрі іске асыру бойынша ұсынымдар	1  1  Кемінде 3 фото, 1 видео  1  1	1  1  3/1  1  1	Жобаның нәтижелері мен жетістіктері туралы ақпарат қоғамға тұрақты түрде жетеді. Жергілікті БАҚ арқылы жобаның көрнекілігі мен танымалдығы артады. Қоғамдық сенім мен қолдау деңгейі күшейеді. Болашақта жобаларды жариялау мен насихаттау тәжірибесін қолдану арқылы олардың масштабтау мүмкіндігі артады.

						<p>қалыптастыру үшін нысаналы топтарға әлеуметтік зерттеу (қатысушылар, қызметтерді алушылар, серіктестер) есебі</p> <p>Брифинг қорытындысы бойынша ұсынымдар тізімі</p> <p>Кемінде үш бенефициардың пікірлері мен кері байланысы</p>	1	1	
Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	Серіктестер мен, өзге де медиа порталдармен, ақпарат агенттіктері мен ақпараттық қолдау мақсатындағы келіссөздер жүргізу	Қыркүйе к-қараша	Онлайн	7	Серіктестермен, өзге де медиа порталдармен, ақпарат агенттіктерімен ақпараттық қолдау мақсатындағы келіссөздер жүргізілді.	Әлеуметтік жобаның қол жеткізген нәтижелері мен жобаның жүзеге асу барысын БАҚ-қа жариялау бойынша серіктестер тізімі	1	1	Серіктестер мен медиапорталдармен ынтымақтастық нығаяды. Қоғамдық аудитория мен мақсатты топтар арасындағы ақпараттық байланыс күшейеді. Болашақта жобаларды насихаттау және масштабтау мүмкіндігі артады.

	<p>Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы жарияланымдар</p>	<p>Қыркүйе к-қараша</p>	<p>Онлайн</p>	<p>10 000</p>	<p>Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы жарияланымдар жасалды.</p>	<p>Жоба іс-шаралары жайлы ақпараттық, хабарландыру, жобаның көрнекі өнімдерін шығару (әдістемелік құрал, бағдарлама, баннер, үлестірме материалдар, т.б.) жобаның арнайы парақшаларындағы жарияланымдар</p> <p>Контент жоспар</p> <p>Республикалық және жергілікті баспасөзге материал жариялау</p> <p>Жоба туралы мақалалар, посттарды БАҚ-та, оның ішінде</p>	<p>1 дайджест</p> <p>Ай сайын 1</p> <p>Республикалық және жергілікті баспасөзге ай сайын</p> <p>Республикалық БАҚ-та,</p>	<p>1 дайджест</p> <p>Ай сайын 1</p> <p>Республикалық және жергілікті баспасөзге ай сайын</p> <p>Республикалық БАҚ-та,</p>	<p>Мақсатты аудиторияға ақпарат тұрақты түрде жетеді. Қоғамдық сенім мен қолдау деңгейі күшейеді. Болашақта жобаларды насихаттау және тәжірибе тарату мүмкіндігі кеңейеді.</p>
--	--	-------------------------	---------------	---------------	---	---	---	---	--

						республикалық деңгейде, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде (жеке медиа-план бойынша)	әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде кемінде 1 мақала, пост	әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде кемінде 1 мақала, пост	
						Ақпараттық қамту	Кемінде 5000	Кемінде 5000	
						Жобаның жүзеге асырылғаны туралы әлеуметтік желілердегі хабарламалар мен жарияланымдардың «лайк» саны қоса көрсетілген медиа есеп	1	1	

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:**

Ауытқу жоқ

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	150	150

2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	10 000	10 000
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	3	3
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	4	4
5.	Қамтылған ҰЕҰ саны	ұйым	3	3
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	800 000	800 000
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	121 400	121 400
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге		
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	3	3

## 2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):

Жоба толықтай өз көздеген мақсатына қол жеткізді. Жоба шеңберінде Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты. Оқыту нәтижелері бойынша жүргізілген сауалнама қорытындылары мамандардың 70 пайыздан астамы өздерінің кәсіби құзыреттері артқанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне деген сенімділігінің күшейгенін көрсетті.

Жоба аясында оқудан өткен мамандар үшін арнайы қорытынды кездесу ұйымдастырылып, онда оқыту нәтижелері талқыланып, тәжірибе алмасу жүзеге асырылды және алынған білімді практикада қолданудың негізгі бағыттары айқындалды.

Сонымен қатар қатысушыларға аттестациядан өтуге жарамды, «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар табысталды, бұл мамандардың кәсіби дамуын ресми түрде растауға мүмкіндік берді.

Оқудан кейінгі кезеңде, яғни дағдыларды нығайту мақсатында 1–2 ай ішінде онлайн консультациялар мен супервизиялар өткізілді. Бұл шаралар мамандарға күнделікті жұмыс барысында туындайтын кәсіби мәселелер бойынша әдістемелік қолдау алуға жағдай жасады.

Жобаның нәтижелерін ұзақ мерзімде сақтап, кеңінен қолдану мақсатында білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандарға арналған оқу-әдістемелік құралдар мен бейнематериалдар (бейнероликтер) әзірленіп, таратылды. Осылайша жоба арнайы білім беру саласындағы кадрлардың кәсіби әлеуетін арттырып, өңірде инклюзивті білім беруді дамытуға нақты үлес қосты.

## 3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Жобаға дейін: «INBILIM» жобасына дейін өңірдегі арнайы білім беру ұйымдарының мамандары 80 сағаттық курстан өтпеген, әрі ең болмағанда семинар да көп болмайтындығы белгілі. Оларда бір-бірімен тәжірибе алмасатын алаң болмаған, соған сәйкес ЕБҚ білім алушалардың да жетістіктері аз болған. Жобаға дейін аталмыш мұғалімдер жетістік ретінде ұсынатын сертификат және оқушыны қатыстыратын байқаулар да өте сирек болған. Жетістіктерін мақтанышпен жеткізетін соның ішінде бейнеролик байқауы болмаған. Тек арнайы

сыныптың ерекше білім алуды қажет ететіндерінің емес, арайы педагогтердің де жетістік тарихын жинап, портфолио жинауға, аттестацияға қатысуға мүмкіндігі болмаған. Республикалық деңгейдегі мамандардан бетпе –бет тәжірибе мен білім алу мүмкіндігі де осы уақытқа дейін тек былтырғы «Зерде+» жобасында ғана болған екен. Түрлі көрмелер облыс төңірегінде ұйымдастырылып жүрсе де, ЕБҚ балалар қолынан шыққан дүниелер ұсынылған көрме-жәрмеңке де ұйымдастырылмапты. Қаржылай сыйлық алып көрмеген. Біліктілікті арттыруға бәріне бірдей мүмкіндік болмаған.

Жобадан кейін: ««INBILIM»» жобасынан кейін 150 маман ЕБҚ балаларды шығармашылыққа бағыттауға, кәсіпке бағдарлап, денсаулығын жақсартып, түзете-дамытылуына кәсіби құзыреттіліктері көтерілді. Арнайы білім беру бағыты бойынша республикалық деңгейдегі эксперт мамандардан білім жетілдіріп, тәжірибе алаңына шығуға мүмкіндік алды, нетворкинг орнады. Бірі-бірімен араласып, жаңа орта тапты. ЕБҚ оқушылармен жүргізетін жұмыстарының сапасы артты. «Ұстаз» платформасына жарамды Сертификатқа ие болды. «Оқушыммен жеткен нәтижем» атты бейнероликтер байқауына қатысушылар арқылы инклюзивті қоғамды түсіну, қабылдау, ЕБҚ балаларды қолдау артты. «Инклюзивті қоғамды құруға үлес қосамын» іс-шарасы арқылы жаңа тың тәжірибелер таныстырылып, мараатталды.

Ерекше балалардың шығармашылық әлеуеті артты. Қоғамның назары ауды. Мамандардың кәсіби өсуі байқалды. Жетістік тарихы: Арнайы білім беру ұйымдарының ішінде Жаңаөзен арнайы мектебінің 10 сынып оқушысы Полатба Ерсұлтан «Үстел» тенісінен ерекше балалар арасындағы қазақстандық арнайы олимпиаданың республикалық турнирінен 2 –орын алды. Қатысушы №1 арнайы балабақшасының логопед маманы Боярская Наталия республикалық ғылыми орталық ұйымдастырған байқаудан 3-орын алды. Облыстық деңгейде 4 арнайы маманның үздік тәжірибелері: Еркасова Салтанат Беккалиевна, Умирбав Гаухар Онгарбековна, Нахмәдеиет Зағипа Махамбетқызы, Байзақова Қарлығаштың жаңа тың идеялары облыс көлемінде таратылуда.

#### 4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

##### Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
334	24	310

##### Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
334	60	139	25	10	0	25	0	25	50	

#### Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
334	50	54	106	70	24	25	5

#### 5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

- *көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):*

Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты. Сауалнама нәтижелері мамандардың кемінде 70%-ы өз кәсіби деңгейінің жоғарылағанын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу қабілетіне деген сенімділігінің артқанын көрсетті. Жоба аясында оқудан өткен мамандар үшін қорытынды кездесу ұйымдастырылып, қатысушыларға аттестациядан өтуге жарамды әрі «Ұстаз» платформасында тіркелген сертификаттар табысталды. Сонымен қатар, дағдыларды нығайту мақсатында оқудан кейін 1–2 ай ішінде онлайн-консультациялар мен супервизиялар өткізілді, сондай-ақ арнайы мамандарға арналған оқу-әдістемелік құралдар мен бейнематериалдар әзірленіп, таратылды.

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):*

Жоба аясында арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты. Жоба аясында оқудан өткен мамандарға арналған қорытынды кездесуді ұйымдастырылды. Білім беру ұйымдарындағы арнайы мамандар үшін оқу әдістемелік

құралдар, бейнежазба (бейнеролик) дайындалып, таратылды. Оқудан кейін (дағдыларды нығайту үшін 1-2 ай ішінде) онлайнконсультациялар мен супервизиялар өткізілді. Осы себептен де жоба өміршең. Жоба нәтижесі бірнеше жылдардан кейін оң нәтижесін беретін болады.

- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы*

Жоба қатысушылар – өз кәсібінің кәсіби мамандары болғандықтан және осы салада жұмыс істеп жатқандықтан жобаны тұрақты деп айта аламыз.

- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:*

Әлеуметтік әсері: Жоба аясында Маңғыстау облысының арнайы білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін кемінде 150 маманның кәсіби біліктілігі артты, бұл ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалармен жұмыс сапасының жүйелі түрде жақсаруына ықпал етті. Мамандардың кәсіби құзыреттілігінің артуы білім беру процесінде инклюзивті тәсілдердің кеңінен қолданылуына, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің тиімділігін арттыруға және ЕБҚ білім алушылардың әлеуметтену деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жоба аясында өткізілген оқыту курстары, супервизиялар, тәжірибе алмасу алаңдары мен шығармашылық байқаулар мамандар арасында кәсіби қауымдастық пен нетворкингтің қалыптасуына, тәжірибе мен үздік әдістемелердің таралуына жағдай жасады.

Бұл өз кезегінде арнайы білім беру саласында ұзақ мерзімді тұрақты даму негізін қалыптастырды. Жобаның әлеуметтік әсері қоғамда инклюзивті білім беру құндылықтарын ілгерілетуге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға деген оң көзқарасты нығайтуға және олардың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етті. Жобалық іс-шаралар арқылы ата-аналар, педагогтер және қоғам өкілдері арасында инклюзивті қоғамды қабылдау деңгейі артты.

Экономикалық әсері: Экономикалық тұрғыдан алғанда, жоба өңірдегі адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталды. Мамандардың біліктілігін арттыру нәтижесінде кадрларды қайта даярлауға және қателіктерден туындайтын қосымша шығындарды азайтуға мүмкіндік туды. Аттестациядан өтуге жарамды сертификаттардың берілуі педагогтердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың кәсіби өсуіне жағдай жасады.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?**

### **Әлеуметтік жобаның серіктестері**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
“Parasat Pro” қоғамдық қоры	Ақпараттық қолдау	Ұйым директоры Ғазиз Ізтұрғанов Байланыс тел: 8 708 157 94 81	

**Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:**

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)

Есеп беттерінің жалпы саны: 34 бет

Грант алушы:

«Қолдау» орталығы» жеке меншік мекемесінің директоры

Толтыру күні 28.11.2025 жыл

Мөрдiң орны



Елеусинова Милана Аминовна